



Кітапхана әлемі

Мир библиотеки

№ 4 (36), 2011

**ТМД кітапханаларынан
жаңалықтар**

Вести из библиотек СНГ

Оқырмандармен жұмыс

Работа с пользователями

Жазба мұралар

Письменное наследие

Алматы





СОДЕРЖАНИЕ

Профессиональный журнал
библиотекарей Казахстана

Издается с 2003 года

Главный редактор
К.Г. Урмурзина

Редакционная коллегия:
К.К. Абугалиева
(заместитель главного редактора)
Х.М. Ажигитова
Р.А. Бердигалиева
А.А. Бухобаева
Л.А. Джакубаева
С.А. Исамдиева
И.В. Соловьева

Ответственные за выпуск
номера – А.Т. Есболова,
М.Т. Кабдылгазезова

Журнал зарегистрирован в
Министерстве информации РК
№5471-Ж
от 17 сентября 2004 г.

Учредитель:
Информационный консорциум
библиотек Казахстана

Адрес редакции:

050026, г. Алматы,
ул. С. Муканова, 223б
Тел: (727) 378-35-26, 378-41-92
E-mail: iclk@iclk.kz

Подписной индекс – 75991
в каталогах ОАО «Казпочта»,
ТОО «Агентство «Евразия
Пресс», «Эврика Пресс»

Периодичность издания –
4 раза в год

Тираж – 1000 экземпляров

Подготовка и печать –
типография «Dominant Print»
Тел./факс: (727)271-07-67

© Информационный консорциум
библиотек Казахстана

Урмурзина К.Г.

Феномен научно-технической библиотеки в годы
независимости: ФОРМУЛА ЖИЗНИ 4

ВЕСТИ ИЗ БИБЛИОТЕК СНГ

Цукерблат Д.М.

Документационное обеспечение деятельности библиотеки 8

Свирюкова В.Г.

Организация обслуживания удаленных пользователей:
подходы к решению задачи (на примере ГПНТБ СО РАН) 14

РАБОТА С ПОЛЬЗОВАТЕЛЯМИ

Иванова Г.Е.

Интернет-проекты Павлодарской областной библиотеки
им. С. Торайгырова 18

Налетова И.В., Костюк Е.Н.

Весь Казахстан читает одну книгу 21

Абдулаева М.Ю.

Справочно-информационные ресурсы ЦНБ МОН РК 25

Темирбекова А.Т.

Библиотека- информационный центр колледжа 28

Бітімбаева Ұ.Б., Байсақова М.С.

Кітапхана мен мұражай білім мен тәжірибенің
ақпараттық орталығы 32

КОМПЛЕКТОВАНИЕ ФОНДОВ

Сартова Г.М.

Кітапхана қорын толықтырудағы жаңа мүмкіндіктер 36

ПИСЬМЕННОЕ НАСЛЕДИЕ

Қосуақова З.Қ.

Елімізде қазақ ресми-іс қағаздарының жүргізілу тарихы 38

Абикова Г.М.

Қазақ баспасөзінің қарлығашы 44

НАШИ АВТОРЫ 48

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ НАУЧНО-
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚ РЕСМИ-ІС ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУ ТАРИХЫ



Қосуақова Зейне Қосуаққызы,
Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының ғылыми-әдістемелік бөлімшесінің меңгерушісі,
Алматы, Қазақстан

Мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарының тарихы, іс жүзінде қолданылуы және жүргізілуі туралы жазылған.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін арттыру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және соған орай іс қағаздарының қазақша жүргізілуі. Іс қағаздарының қоғам өмірінде саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор.

Елімізде халқымыздың ұлттық бейнесі мен ерекшелігін айқындайтын Тіл мәселесіне қатысты қозғалыс 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында ене бастады. Бұл жөнінде 1989 жылғы қыркүйектің 22-сінде Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында қаралып, Қазақ КСР-нің Тіл туралы Заңы қабылданды, оның 1-ші бабында қазақ тіліне Мемлекеттік мәртебе берілді.

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» - деп көрсетілді. 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы, 1993 жылы Қазақстан Үкіметі жанынан Тіл комитеті құрылды.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қа-

зақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» атты 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген, сондай-ақ осы бапта «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» - деп міндеттейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында, 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасында Мемлекеттік тіл - Қазақ тілі» деп айқын жазылып көрсетілсе, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14, 19, 41, 58, 93-баптарында, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы



№ 3186 өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасының Тіл саясаты тұжырымдамасында», Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4102 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында», Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» тілдердің сақталу және қызмет ету саласындағы мемлекет стратегиясы, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға жағдай туғызу жөніндегі міндеттер айқындалған.

Қазақстан Республикасындағы «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының 8-бабында «Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс-қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Осы Заңды басшылыққа ала отырып, қабылданған құжаттардың негізгілерінің бірі – 2001 жылғы ақпан айында № 550 Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының» ауқымы кең, мақсаты айқын, атқарылар жұмыстың нақты жолдарын көрсетіп берген. «Бағдарламаның паспорты» атты 1 бөлімінде міндеттерінің бірі: «Іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін (нақты мерзімдер мен іс-шараларды көрсете отырып) белгілеу арқылы барлық мемлекеттік ұйым-

дарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретіндегі қолданылуын қамтамасыз ету» – деп көрсетеді.

Қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беру туралы мәселе кеңес өкіметі жылдарында бірнеше рет көтерілген болатын.

1920 жылы Қазақ АССР-і кеңестерінің бірінші құрылтай съезінде республикадағы әр ұлт барлық мекемелер мен мектептерде ана тілін қолдануға тең құқылы деген шешім қабылданды.

Қазақ АССР Халық комиссарлар комитетінің 1921 жылы 2 ақпанда жарық көрген «Республиканың мемлекеттік мекемелерінде қазақ және орыс тілдерін қолдану туралы» декреті қабылданып, онда «Республиканың бүкіл орталық және губерниялық мекемелері іс қағаздарын және өзара қарым-қатынасты орыс тілінде жүргізеді» деп жазған.

Қазақ АССР ОАК-нің 1923 жылғы қарашадағы «Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді ендіру туралы» декреті жарияланып, Қазақ АССР Еңбек Халық комиссариатының 1924 жылғы 21 июльдегі «Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізуді енгізуге байланысты қызметкерлерді жұмыстан босату және оларды қазақ тілінде сөйлеп жаза алатын қызметкерлермен алмастырудың тәртібі жөніндегі» қаулысы шықты.

1924 жылы қабылданған Қазақстанның бірінші Конституциясы бойынша қазақ және орыс тілдері республикада мемлекеттік тіл болып танылды.

Қазақ АССР ОАК мен ХКК-нің 1927 жылғы 17 мамырдағы «Қазақ уездері мен өлкелік мекемелердің қазақ тілінде іс

қағаздарын жүргізуге көшірудің соңғы мерзімін белгілеу және аралас уездерде екі тілде қатар іс қағаздарын жүргізу туралы» қаулысы қабылданды.

Бірақ көп ұзамай-ақ қазақ тілін мемлекеттің негізгі қарым-қатынас құралына айналдыру мүмкіншілігі шектеле бастады.

1938 жылы 5 сәуірде «Қазақ мектептерінде орыс тілін мәжбүрлі оқыту туралы» арнайы қаулы шықты. Оны жүзеге асыруды жеделдетуге бағытталған шаралар жүргізілді. Осы жылдың сәуір айында Қазақ ССР ОАК-нің «Ұлттық мектептерді қайта құру туралы» қаулысы қабылданды. Соған сәйкес Қазақстандағы ұлттық мектептер «буржуазиялық-ұлттық идеологияның ошағы, балаларды кеңес үкіметіне қарсы тәрбиелейтін мекеме» деп танылып, түгел таратылып жіберілді.

Қазақ ресми-іс қағаздар тілінің тарихына шолу жасай отырып, оның екі түрлі арнадан тұратындығын байқаймыз. Бірі – сонау көне дәуірден бастау алып, үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми құжат үлгілері. Екіншісі - қазақ жерінің Россия мемлекетінің қол астына кіруімен байланысты қазақ тіліне аударылып таратылған орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары, қатынас қағаздары. Яғни «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деген халық даналығы көрсеткендей, қазіргі қазақ ресми-іс қағаздар тілі жоқ жерден пайда бола салмаған, өзіндік тарихы мен мазмұнды жалғасы бар құбылыс.

Қазақ Совет энциклопедиясында «Жазу адамның ой-пікірін, сөзін қашыққа және ұзақ замандарға жеткізетін материалдық сызба таңбалардың жүйесі» - деген анықтама бар.



Қандай құбылыстың болма-сын өткенін тарихи даму жолын білмей тұрып, оның қазіргі күйін жете білу мүмкін емес. Бұл реттегі ең маңызды мәселе - тарихи байланыс, әр құбылыс өзінің дамуында қандай жағдайлардан өтті деген тұрғыдан қарау. Сондықтан қазақ ресми-іс қағаздары тілінің тарихы сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен, сол іс қағаздарын қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен байланысты екендігі даусыз. Қоғам өміріндегі елеулі өзгерістер тілдің негізін өзгертпегенімен оған өз әсерін тигізбей қоймайды.

Академик Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде: «Қазақ тілінің шығу тарихын сөз еткенде біз оны тек XIV-XV ғасырдан басталды деп айта алмаймыз. Оның шығу тарихы мен дербес тіл болып қалыптасу дәуірлері әлдеқайда әріден басталса керек» - деп жазады.

Қазақ ресми-іс қағаздар тіліне қатысты алғаш жазылған зерттеу жұмысы Н. Ерғазиеваның «Қазақ ресми-іс қағаздар стилінің қалыптасуы мен дамуы» атты кандидаттық диссертациясы. Зерттеуші өз жұмысында ресми іс қағаздар лексикасының, оның ішінде ресми-іс қағаздары терминдерінің қалыптасып, дамуына ерекше көңіл бөледі. Р. Сыздықова «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты еңбегінде Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін қазақ әдеби тілінің бір арнасы ретінде қарастырады.

Ресми-іс қағаздар стилінің өзіндік ерекшелігі онда стандарт тілдік бірліктердің қолданылуы болса, көне түркі жазба ескерткіштерінен жиі қолданылған төмендегідей құрылымдарды көруге болады: **қара табғач** – қара табғаш, **турк будун үчүн** – түркі халқы үшін,

түрк бегләр – түрік бектері, **көк түрк** – көк түркі, **баз қылтым** – бейбіт еттім. Осы келтірілген мысалдар ішінде ерекше назар аударатын бірнеше сөз бар. Соның бірі – **буйуруқ** – бұйрық. Қазіргі іс қағаздар тіліндегі бұйрық жетекшінің, басшының мекемені басқару барысында, алда тұрған ағымдағы мәселелерді шешу мақсатында беретін өкілеттік құжаттың бір түрі. Көне түркі ескерткіштер мәтініндегі бұйрық сөзінің қолданысы аясы, мазмұны қазіргі басқару саласындағы қолданылып жүрген бұйрық сөзінен, алыс емес, мазмұндас. Мысалы: **Нашар қаған отырған екен. Бұйрығы және біліксіз екен** (6,172). **Екінші мысал: Білгіш қаған еді, алып қаған еді. Бұйрықтары да білгір еді, өздері ер болған екен** (6,171).

Қазақ іс қағаздар үлгілерінің терең тамыры VI-VIII ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштерінде жатқандығын байқауға болады. Бұл ретте Ә. Қайдаровтың: «Бүгінгі қазақ тілінің арғы тегі сонау ғұн, көне түркі дәуірінен басталып, түп-төркіні - көне үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпаларының тілдік дәстүрінен өрбіп, орхон-енисей ескерткіштері тілімен ортақтығын сақтай келе, М.Қашғаридың «Диуани хикметі», Ж.Баласағұнның «Құтадғу білігі» тілімен жалғаса түсіп, туыстығын кейінгі дәуірдегі қыпшақ тілдерінен тапқан – дербес түркі тілдерінің бірі. Сондықтан қазақ тілін әрі көне, әрі жаңа тілдер қатарына қосуға толық негіз бар» - деген пікірін айта кеткен орынды.

Географиялық, тілдік графиялық ерекшеліктеріне қарай көне түркі ескерткіштері Енисей ескерткіштері, Орхон ескерткіштері, Талас ескерткіштері деп үш топқа бөлінетіні белгілі.

Түркі тілдері тарихындағы ең алғашқы әліпби осы жазулар әліпбиі болып есептеледі. Ескерткіштер тілінде кездесетін: **тамға** – таңба, **нішан** – белгі, мөр сөздері арқылы басқару ісінің алғашқы белгілері, іс жүргізу жұмысының алғашқы шарттары көне дәуірде пайда болған, қазіргі іс қағаздар үлгілерінің терең тамыры VI-VIII және VIII-XIII ғасырлардағы көне жазба ескерткіштерінде жатқандығы дәлелденген.

Орта түркі жазба әдеби тілі бұрынғы қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілі топтарының құрамындағы түркі тілдерінің бәріне ортақ болған. Бұл ортақ жазба әдеби тіл XI ғасырдан бастап XV-XVI ғасырларға дейін, яғни олардың әрқайсысының жігі ажырап ұлттық тіл дәрежесіне жеткенге дейінгі уақытты қамтыған. Орта түркі жазба әдеби тілінде жазылған мұралардың қарлұқ, оғыз, қыпшақ тілі топтарының құрамында болған қазіргі қазақ әдеби тіліне тікелей қатысы бар. XIV ғасырда жазылған хан жарлықтарында (Тоқтамыс (1393,1392), Темір-Құтлұғ (1397), Манғу-Темір (1342) т.б.) қазіргі қазақ іс қағаздар тілімен тікелей тарихи байланысы барын зертеуші А. Ибатов: «Жарлықтар тексі, сол орта ғасыр жазба әдеби тілінің стилдік бір тармағы ретінде, іс қағаздарының стилімен жазылған мұралар қатарында танылуы қажет» - деп жазды.

Қазіргі іс қағаздар құрылымының негізгі бөліктері XV-XVII ғасырларда-ақ (жаңа түркі дәуірі) қалыптасқандығын: **Ант ічкан** – ант ішкен, **төрәчі** – төреші, сот, **хол бітік** – қолхат сөздерінің қолданылуы арқылы білеміз. Істің мазмұнының тақырып ретінде ірі әріптермен беттің ортасына жазылуы, құжатқа тақырып беру, оны жолдың ор-



тасына жазу жүйелі сипат ала бастауы іс қағаздарын жүргізу мәдениетінің қалыптаса бастағандығын көрсетеді.

XIX ғасырдың бірінші жартысында ел басқару билігін Россия империясы өз қолына алды. Орта жүз бен мекендеген қазақтар үшін 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Жарғы» шығарылды. Бұл Жарғы бойынша қазақ балаларына орыс мектептерінде оқуға право берілді, Орынбор, Омбы кадет корпусарында қазақ балалары оқи бастады. 1831 жылы Кіші жүз қазақтарын билеу үшін «Ел басқарудың дистанциялық системасы» атты құжат шығарылды. Қазақ даласында ел билеу, әкімшілік, сот істеріне қатысты көптеген жаңа атаулар пайда болды. Бұл кезеңде сот билігінің үш түрі болды:

1. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» негізінде соттап, жазалайтын билер соты;

2. Ірі қылмыстар мен саяси қылмыстарды қарайтын Россия империялық сот системасы;

3. Шарифат жолымен сот билігін жүргізу.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жазылған құжаттар дәл қазіргідей нормаға түсе қоймағанымен, қазақ іс қағаздар тілінің қалыптаса бастағанына айғақ бола алады. Сол кезеңдегі халық өмірінде болған елеулі оқиға – Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық қозғалыс көркем әдебиетте ғана емес, іс қағаздар тарихында да із қалдырды.

Осы кезеңде қазақ тілінде жазылған іс қағаздары:

Жағалбайлы руының старшыны Т. Төлегеновтың Верхнеуральск қаласының коменданты полковник М. Суховицкийге өзінің егіншілікпен айналысуға рұқсат ету туралы өтініші. 1807 жыл, 12 наурыз.

Старшын Қ. Байсынқараевтың отырықшылық қоныс үшін қазақтарға қолайлы жер бөліп беру туралы Сібір генерал-губернаторының атына жазған өтініші. 1820 жыл.

Хан кеңесіне арнап Мемлекеттік сыртқы істер коллегиясында әзірленген ережелер. 1806 жыл. 31 мамыр.

Айшуақ хан мен оның ұлдарының Жантөре ханның өлтірілу жайын баяндап, Шерғазы Айшуақұлы Сұлтанды хан етіп тағайындау туралы император І Александрға өтініші. 1809 жыл, қараша.

Сібір қырғыздары туралы Жарғы. 1822, 22 маусым, т.б.

Қазақ даласында ел билеу, әкімшілік, сот істеріне қатысты көптеген жаңа атаулар пайда болды. Қазақ тілінде жазылған іс қағаздар тілі әрі қарай дамыған, біршама түсінікті, нормалана түскен тіл болып (**қара қазақ, байтақ, алаш, теңдік** – деген секілді) қалыптаса бастаған. Зерттеуші Б. Әбілқасымов: «...біздіңше XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай мен Абай негіздеген жаңа жазба әдеби тіл қалыптасқанға дейін қазақ қаламгерлерінің пайдаланған тілін **көне жазба әдеби тілі** деп атаған дұрыс. Сөйтіп қазақ қаламгерлері XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жарымына дейін осы аталған қазақтың **көне жазба әдеби тілінде** ресми іс қағаздарын жазды, өзара хат жазысты» - деп көрсетеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Россияға қосылу процесі толық аяқталды. Қазақ жері орыс патшалығының үш үлкен әкімшілік территориясы болды. Патша үкіметі жергілікті халықпен қатынасты нығайту және отаршылдық саясатты пәрменді түрде жүргізу үшін, патша әкімшілігінің бұйрық-жарлықтарын жергілікті

әкімдерге өз тілінде жеткізу, өкілеттік құжаттарды жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындаттыру, патша өкіметінің ресми көзқарастарын халық арасына кең тарту мақсатымен, ел басқару ісін жеңілдету ниетімен әрбір әкімшілік бөлікте екі тілді газеттер шығара бастады. Олар:

1. «Түркістан уалаятының газеті» Ташкент, 1870-1882 жылдар.
2. «Дала уалаятының газеті» Омбы, 1888-1902 жылдар.
3. «Торғай газеті» Тройцк, 1895 жыл.

Газеттердің мақсаты – үкіметтің бұйрық-жарлықтарын, сот орындарының үкімдерін, сауда хабарларын, оқиғаларды, шаруашылық хабарларын жазып тұру болды. Бұл газеттер қазақ даласының көптеген аймақтарына таралды, патша үкіметі жергілікті әкімшіліктерінің органы болды. Газеттерде жарияланған ресми құжаттар тілі - қазақ әдеби тілін дамытуда, жазба нормаларын қалыптастыруда, ресми-іс қағаздар стилін одан әрі жетілдіруде үлкен роль атқарды.

Бұл кезеңде қазақ жерінде білім көздері пайда бола бастады. Орынбор, Омбы, Орал, Перовск, Торғай қалаларында қазақ балалары үшін орыс-қазақ мектептері ашылды. Осы кезеңде Қазақстанда 100 шамалы екі кластық уездік және бір кластық облыстық мектептер ашылып, оларда 4000-ға жуық бала оқыды. Таза қазақ тілінде кітап шығару ісі мен баспасөз органдары да осы кезеңде пайда болды. Осы кезеңдегі қазақ тілінде жазылған ресми-іс қағаздары: Ш. Уалиханов «Сот реформасы жайында хат», Орынбор шекара комиссиясының жергілікті қазақ әкімдеріне жолдаған қатынас



қағазы» (1852), Ы. Алтынсариннің Н.И. Ильминскийге жазған хаттары, Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару туралы Ереженің жобасы т.б.

XX ғасырдың басында жарық көрген «Қазақ газеті» мен «Айқап» журналының (1911-1915 жылдары Тройцк қаласында ай сайын шығып тұрды, тиражы 1000 дана) ресми-іс қағаздар тіліне тән көптеген сөздер мен грамматикалық бірліктердің тұрақталуына маңызы айтарлықтай болды. Қазақ әдеби тілін дамытуда осы кезеңдегі барлық жазба нұсқалардың ішінде «Айқап» журналының ролі айрықша болды. Алуан түрлі мақалалардың, көркем шығармалардың, жарияланған әр түрлі ресми хабарлардың, кеңсе іс қағаздарының мазмұны мен жазылу формасы жағынан да осы кезеңдегі әдеби тіліміздің дамуына едәуір әсерін тигізді. Қазақ халқының өміріндегі саяси-әлеуметтік дамуға, ғылым мен жалпы мәдениеттегі өзгерістерге байланысты, сонымен қатар орыс тілінің әсерінен де түрлі жаңа атаулар, ұғымдар мен терминдердің пайда болуы, қазақ әдеби тіліне, оның ішінде ресми-іс қағаздар тіліне де біраз фонетикалық өзгерістер әкелді. Мысалы: қазіргі қазақ тілінде – ақыл, әскер, өмір, айып, арыз түрінде қолданылып жүрген жекелеген сөздер сол кезеңдегі ресми-іс қағаздар тілінде **ғ** дыбысы арқылы, яғни араб тіліндегі формасы арқылы жазылды: **ғақыл** - ақыл, **ғаскер** - әскер, **ғайып** - айып, **ғөнер** - өнер, **ғарыз** - арыз. 1920-30 жылдардағы ресми-іс қағаздар тілінде организовать етістігі **ұйыстыру**, организация сөзі **ұя** формасында жазылса, кейін ұйымдастыру, ұйым болып қолданылып кеткен. Қазіргі әдеби тілімізге еш

өзгеріссіз еніп, тұрақтанған – **ист, изм** секілді сөз тудырушы журналдар арқылы жасалатын социалистік, капитализм дәуірі сөздері сол кезеңдегі ресми-іс қағаздарында **социалды, социалшыл, капитал дәуірі** болып алынған.

Сондай-ақ Советтік Россия – **Советті Россия**, ауыр өнеркәсіп – **ауыр өнерлі кәсіп**, қымбатты жолдастар – **қымбат жолдастар** болып келген.

1920-30 ресми-іс қағаздар тілінде қазіргіден өзгеше қолданылған тілдік бірліктер: **тоқтам** – қаулы, қарар, шешім, **есеп – хисабы** – отчет, **қадірлі сақшы** – құрметті қарауыл, **орындау комитеті** – атқару комитеті, **әлеумет жұмысы** – қоғам жұмысы, **жасау құралдары** - өндіріс құралдары, **сайаси іскерлер** – саясаткерлер, **сырлы әдебиет** - көркем әдебиет, **партия ұясы** - партия ұйымы, **ардақты бастық** – председатель, **іссіз еңбекшілдер** - жұмыссыздар, **жатақты мектеп** - мектеп-интернат, **ағарту әңгімелелері** - саяси сабақ т.б.

Қазақ Совет энциклопедиясында «Жазу адамның ой-пікірін, сөзін қашыққа және ұзақ замандарға жеткізетін материалдық сызба таңбалардың жүйесі» - деген анықтама бар.

Елімізде Мемлекеттік тіліміздің барлық салаға енгізілуі, кең көлемде өркен жаюы үшін көптеген шаралар жасалуы қажет болды.

Үкіметіміз 2007 жылды – Қазақ тілі жылы деп атап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі сол жылы Астана қаласында «Мемлекеттік тіл – елдігіміздің алтын тұғыры» атты мемлекеттік тілді оқытуды жетілдіруге арналған әдебиеттер көрмесін өткізуі (аталған көрме жұмысына біз

дің - Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана да өз кітап қорларымен қатысып, табысты оралды), мерзімді баспасөз беттерінде тіл мәселесіне қатысты көлемді материалдардың жарияланып, қолдау тауып жатуы т.б. шаралар Мемлекеттік тіліміздің қолданылуын арттыру айғағы болып табылады.

2008 жылы мемлекеттік тілді дамыту үшін бюджеттен едәуір қаражат бөлінді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры құрылды. Сондай-ақ, 2008 жылы Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Онда мынадай сәттерді атап көрсетуге болады: Халықаралық тәжірибені жүйелі зерделеу және Қазақстанға енгізу үшін Қазақстанның ЕО елдерімен тіл саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық орталығын құру, қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасының көрнекі ақпаратының жай-күйін зерделеу бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу, қазақ тілінде балаларға арналған анимациялық және көркем фильмдер шығару.

Бүгінгі қазақ тілі – бүкіл дүние жүзі таныған қазақ ұлтының, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі болып табылады.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру үшін, бүгінгі білім алушы, ертеңгі ел азаматының өз ана тілінен сусындап, оның қадір-қасиетін түсіне білуі үшін және еліне, жеріне деген



сүйіспеншілігі мен ұлттық намыс, адамгершілік қасиеттерінің ұлғая түсуі жолында оларға халқымыздың асыл мұрасын – тіл байлығын өз мәнінде қолдана отырып жеткізу қажет. Сөз мәні мен өнерін, сөйлеу әдебі мен жазу мәдениетін үлкен өнер деп қараған орынды.

Бұл міндеттер әрбір білім мен тәрбие беру ұйымдарынан, соның ішінде кітапхана қызметкерлерінен үлкен ізденісті, қажырлы еңбекті талап ете отырып, төмендегідей жұмыстардың жүргізілуін міндет етеді:

- істің мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету;
- мамандардың қызмет бабындағы нұсқауларына мемлекеттік тілді білу туралы талаптарды енгізу;
- бұйрықтардың мемлекеттік тілде шығарылуын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік тілді компьютерлендіру жұмыстарын жүргізу;
- салалық анықтағыштар мен сөздіктерді ретке келтіру;
- келіп түскен хаттарға және басқа да құжаттарға мемлекет тілінде жауап беруді қамтамасыз ету;
- ресми кездесулерді, сондай-ақ түрлі мәдени-көпшілік шараларды мемлекеттік тілде өткізуді іске асыру.

Іс қағаздарын дұрыс толтырып, әртүрлі құжаттарды сауатты жазу, яғни толыққанды дәрежеде іс жүргізу – бұл саладағы жұмыстардың маңызды көрсеткіші.

Кітапхана қызметкерлері ата-бабаларымыз қалдырған мұхиттай асыл мұралары - сөз өнерін игеріп, сөйлеу мен жазу мәдениетін меңгеруі, сонымен қатар оны оқырмандармен жүргізілер сан-алуан мәдени-көпшілік жұмыстарында жүзеге асыруы, істеріне игі әсер етіп, олардың адамдармен қарым-

қатынасында да өз көрінісін табары даусыз.

Қазақ тілінің Мемлекеттік Тіл ретіндегі мәртебесінің артуы үшін, сондай-ақ қазақ тілінің қажеттігін өзгелерге сездіру үшін әрбір жанның жан-жақты, аянбай тер төгіп жұмыс істеу керектігі бүгінгі күнгі басты мәселе болып қалып отыр

Қолданылған құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы № 284-1 Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін.-Алматы: Жеті жарғы, 2002.- 526.

2. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы Заңы: [Қазақ тілі] //Қазақ әдебиеті.- 1989.- 29 сентябрь; Социалистік Қазақстан.- 1989.- 29 сентябрь; Лениншіл жас.- 1989. – 29 сентябрь.

3. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы: [1997ж. 11 шілде] //Егемен Қазақстан.-1997.-15 шілде.

«Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 өкімі (Қазақстан Республикасындағы Тіл саясатының тұжырымдамасы).- Алматы: Қазақстан, 1996. – 24 б.

4. «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 5 қазандағы № 4106 Жарлығы // Егемен Қазақстан.- 1999.- 2 наурыз; Заң газеті.- 1999.- 10 наурыз; Жас алаш.- 1999.- 10 наурыз.

5. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президен-

тінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығы.

6. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1246 қаулысы.

Мемлекеттік тілде іс жүргізу үшін ұсынылатын әдебиеттер:

1. Абдрахманов Ә. Терминдер мен атаулар сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 38 б.

2. Ерғазиева Н., Сүлейменова Б. Іс қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 48 б.

3. Қазақ тілі терминдерінің қысқаша сөздігі.-Алматы: РБК, 2000.-62 б.

4. Қазақстан Республикасында іс қағаздарын жүргізу (мемлекеттік және ресми тілдерде іс қағаздарын жүргізудің үлгілері). – Алматы: ЛЕМ баспа үйі, 2002. – 156 б.

5. Қалиев Б., Күркебаев Ш. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. - Алматы: Рауан, 1996. - 32 б.

6. Қасымбеков М. т.б. Екі тілде іс жүргізу / М. Қасымбеков, Қ. Әлімқұлов, К. Юсупов, Ж. Әлмешев, Ә. Сапарбекова. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 223 б.

7. Ресми іс-қағаздары: Мемлекеттік қызметшілерге арналған анықтамалық / А. Алдашева, З. Ахметова т.б. - Алматы: Сөздік-словарь, 2001.-78 б.

8. Салагаев В., Шалабай Б. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг: Учебное пособие. – Алматы: РИК, 2000. – 208 б.

9. Шүкірұлы С. Мемлекеттік тіл мұраттары: Көмекші құрал. - Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 352 б.